

Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 308 "2019-2021 жылдарға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 6 желтоқсандағы № 394 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 желтоқсанда № 6525 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 308 "2019-2021 жылдарға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-13-226 тіркелген, 2019 жылы 23 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – "65316,3" сандары "66996,3" сандарымен ауыстырылсын;

салықтық түсімдер – "1846,0" сандары "2866,0" сандарымен ауыстырылсын;

салықтық емес түсімдер – "149,0" сандары "131,0" сандарымен ауыстырылсын;

трансферттердің түсімдері – "63321,3" сандары "63999,3" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – "66116,7" сандары "67796,7" сандарымен ауыстырылсын;

5 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Ауылдық округтің 2019 жылға арналған бюджетіне аудандық бюджеттен мынадай ағымдағы нысаналы трансферттер түскені бекітілсін:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға 30978,0 мың теңге;

мемлекеттік органның ағымдағы шығындарына 678,0 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу Кішіқұм ауылдық округі әкімінің шешімі негізінде айқындалады."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының сессия төрағасы

Ж. Шамбалаев

Шалқар аудандық
мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 6
желтоқсандағы № 394 шешіміне қосымша

Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4
қаңтардағы № 308 шешіміне
1 қосымша

2019 жылға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджеті

Санаты				Сомасы
Сыныбы				, мың теңге
Ішкі сыныбы				
Атауы				
		I.KIPICTEP	66996,3	
1		Салықтық түсімдер	2866,0	
	01	Табыс салығы	253,0	
	2	Жеке табыс салығы	253,0	
	04	Меншікке салынатын салықтар	2613,0	
	1	Мүлікке салынатын салықтар	50,0	
	3	Жер салығы	77,0	
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	2486,0	
2		Салықтық емес түсімдер	131,0	
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	131,0	
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	131,0	
4		Трансферттердің түсімдері	63999,3	
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	63999,3	
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	63999,3	
II. ШЫҒЫНДАР				67796,7
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	21326,4
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	21326,4
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	21326,4

		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	21326,4
04			Білім беру	44163,3
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	44163,3
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	44163,3
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	44163,3
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	180,0
	2		Әлеуметтік көмек	180,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	180,0
		003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	180,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2127,0
	3		Елді-мекендерді көркейту	2127,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2127,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	656,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	321,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1150,0
			III. Бюджет тапшылығы (профицит)	-800,4
			IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	800,4
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	800,4
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	800,4
	1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	800,4